

Рақымова И.Т., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, МО-31п/я тобының студенті
(*Ғылыми жетекшісі - тарих магистрі, аға оқытушы Аймахов Е.Н.*)

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЮГОСЛАВИЯ САЯСИ DAҒДАРЫСЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Кез келген көпұлтты мемлекеттің негізінде үлкен қауіп тудыратын этникааралық қатынастар, 1990 жж. кезеңінде қалыптасқан Югославия елдерінің саяси дағдарысы әрі этносаралық қақтығыстарының мысалында кескілескен сипатқа ие болды. Сол себепті тақырыптың өзектілігі ХХ ғ. соңындағы халықаралық қатынастардағы ірі дағдарысқа айналған Югославия елдерінің мысалында этникааралық қақтығыстардың түбегейлі негізін әрі мазмұнын айқындауда көрініс табады. Осы кезекте қойылатын басты мақсат көпұлтты мемлекеттің саяси ыдырауының төңірегінде әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы тәуелсіздік үшін күреске шығу себептерін анықтау болып табылады.

Федеративті Югославия мемлекетінің құлауымен байланысты орын алған оқиғалар тарихқа қазіргі заманғы югославиялық дағдарыс атауымен енді. De facto Югославия 1991 ж. 25 маусым күні, Словения мен Хорватия мемлекеттерінің парламенттері тәуелсіздігін жариялағанда және біртұтас мемлекеттің құрамынан шығу туралы шешім қабылдағанда, ыдырай бастады. De jure түрде Югославия Социалистік Федеративтік Республикасы жарты жылдан соң, 1992 жылы қаңтар айында Словения мен Хорватия мемлекеттерінің тәуелсіздігін Еуропалық қауымдастық мемлекеттері мойындағаннан кейін, өз өмір сүруін тоқтатты.

Алдын-ала келісулерсіз орын алған мемлекет бөлінісі соғыстың қауіпін тудырды. Бұл жағдайды федерациядан бөлінуге талпынған югославиялық мемлекеттер де, Югославияның құлауын тездеткісі келген саяси күштер де түсіне білді. Югославияның кейінгі сақталуы осы кезде, бірінші кезектен, Сербия, Хорватия және олардың арасында орналасқан Босния мен Герцеговина арасындағы қарым-қатынастарға тәуелді болды.

Югославиялық дағдарыстың әскери кезеңінің бірінші сатысына «онкүндік соғыс» (1991 ж. шілде) деген атау алған Словениядағы онкүндік қарулы күрес пен екі этносаралық – хорваттық (1991-1995 жж.) және босниялық (1992-1995 жж.) соғыстарды жатқызуға болады. Бұл кезең Дейтон бейбіт келісімшарттарымен аяқталды. Екінші сатысына серб – албан қақтығыстары бірінші орынға шыққан кезіндегі Косово дағдарысы мен Македония мемлекетіндегі қақтығыстар енеді [1, 865-866].

Словения мен Хорватия мемлекеттерінің тәуелсіздігін жариялануымен, Югославия мемлекетінің ыдырау үрдісі тездетілді. Хорватия мемлекетінің тәуелсіздігі жариялануы серб халқының мүдделерін қозғады, себебі олар осы республиканың 12% халқын құрады. Осылайша, тәуелсіздік жариялануына жауап ретінде Книндік Крайнда сербтер қозғалысы басталды, ал 1991 ж. 19 желтоқсанда Сербтік Крайн Республикасы (СКР) жарияланып, хорваттар мен Югославия Ұлттық армия арасында әскери әрекеттер пайда болды. 1992 ж. 9 қаңтарда босниялық сербтер өзіндік мемлекеттік құрылымы – Сербтік Босния мен Герцеговина Республикасын, сол кезде Югославияның федеративті бірлігі ретінде құрды. 1992 ж. 27 наурызда қабылданған Конституцияға сәйкес, Сербтік Республика (СР) деп атала бастады.

Сербия басшылығының мемлекет құлауының алдын - алуы бойынша көптеген талпыныстары жағымды нәтижелерді бермеген соң, қалыптасқан жағдайда 1992 ж. 27 сәуір күні Белград қаласында, құрамында Сербия мен Черногория бар, Югославия Одақтас Республикасы жарияланды. Республика өзін Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының мұрагері ретінде мәлімдеді. 1992 ж. 20 желтоқсанда Югославия Одақтас Республикасында республикалық және федералды парламентке, әрі екі республиканың президенттігіне кезектен тыс көппартиялық сайлаулар өтті. С. Милошевич 56,4% дауыс жинап, Сербия президенті болып тағайындалады. Сонымен қатар Югославия Одақтас Республикасының барлық мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындауы, бұрынғы югославиялық республикаларды тануы жөнінде және де Югославия Одақтас Республикасының, яғни Сербия мен Черногорияның, еш республикаға территориялық талаптардың жоқтығы туралы хабарлады [2, 2-8]. Бұл тұрғыда саяси жанжалдардың туындауы және де әлемдік қауымдастық тарапынан мемлекеттің ішкі істеріне араласуы, шын мәнінде, кезінде тұрақты дамыған Югославия мемлекетінің күйреуінде шешуші рөл атқарды. Ал ұзақ жылдар бойы құрамында бірнеше республикалардың сақталуы, көпұлтты елдердің қатарына жатқызылуы мемлекет ыдырауымен байланысты, шиеленіскен қарым-қатынастар және этносаралық қақтығыстар салдарларына ұласты.

Словения Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының экономикалық жағынан ең жоғары дамыған мемлекеті болып есептелінді. Биліктің барлық тармақтарының дағдарысы,

федералды органдардың нашар жағдайы Словенияның Югославиядан бөлінуіне мүмкіндік туғызды. Тәуелсіздік жарияланғаннан соң, одақтық үкіметтің әскер енгізу туралы шешімін қабылдаған Словения бұл әрекетті «соғыстың ресми хабарлануы» деп есептеді. 1991 ж. 28 маусымда 32 механикаландырылған бригаданың үш жасағы шекараларда орналасты, нәтижесінде үлкен шығындарға жетеледі. Словения бағалауы бойынша: «Бұл соғыс белгілі бір халықтың әр түрлі топтарының арасындағы азаматтық соғыс болып табылмайды. Бұл соғыс мүдделі мемлекеттердің бірінің тарихи территориясына айқын экспансиялық қастандық жасауы кезіндегі екі халық арасындағы соғыс». 4 шілде күні Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының Президиумы 27 маусымға дейінгі күйге қайтуға шешім қабылдады, казармалардың деблокадасын, барлық тұтқындардың қайтарылуын, атыстың тоқтатылуын талап етті. Словения қақтығыстың интернационализациялануына елеулі үлес қосты. 1991 ж. 7 шілдеде Бриони аралында Еуропалық одақ өкілдері С. Месич басшылығындағы Югославия Президиумының мүшелерімен және де премьер-министр А. Марковичпен, кездесуге шақырылмаған Сербиядан басқа, барлық республикалардың жетекшілерімен кеңес өткізді. Осы кездесу нәтижесінде келісімге қол жеткізілді және югославиялық дағдарыстың бейбіт шешілуі жөнінде Декларация қабылданды. Словендік шекараға бақылау жүргізу құқығы Словенияға берілді, ал аэродромға бақылау жүргізу одақтық диспетчерлерге тапсырылды. Словенияда орын алған қарулы қақтығыстарды кейінгі уақыттағы Хорватия және Босния мен Герцеговинадағы соғыстармен салыстыра келе, мемлекеттің өз тәуелсіздігін біршама жеңіл алғандығы туралы да көзқарастар қалыптасты [3, 107-118].

Югославия мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде, алғашқылардың бірі болып Хорватия мемлекетінде басталған соғыс кейінгі уақытта бірқатар қарама-қайшы себептермен анықталды. Алайда соғыстың басталуы, шын мәнінде, мемлекеттің тәуелсіздігін жариялауымен байланысты еді: серб ауылдарының қорғаушылары мен хорват полициясы арасындағы қақтығыс, билік тарапынан мойындалмаған автономия жақтаушылары мен республика қорғаушылары арасындағы күрес қантөгіс соғысқа ұласты. Хорватия мемлекетіндегі сербтер Югославия армиясының қорғанысына шексіз сенім артты және сол себептен, Белград басшылығынан Хорватияға қысым көрсетуді өтінді. Хорватияда орын алған серб мәселесі бірнеше деңгейде көрініс тапты. Шығыс Славония территориясындағы қарулы әрекеттердің нәтижесінде, мыңдаған хорват тұрғындары өз үйлерін қалдырып, Хорватияның басқа облыстарына көшуге мәжбүр болды. Осы жөнінде көптеген зерттеушілер армияның осы аймақтарда өз тапсырыстарын орындай алмауын армияның саяси, экономикалық, моральдық, кадрлық жағдайымен және жалпы мемлекеттің басшылығымен байланыстырса, орыс ғалымы Е. Гуськова көзқарасына сәйкес, екі тұжырымдама – ұлттық (ұлттың мүдделерін қорғау) және бауырластық - бірлік (басқа республикалардың мүдделерін құрметтеу) теориясының өзара күресімен айқындалды.

1992 ж. қаңтардың соңы – ақпан басында Югославия Президиумы Хорватияға бітімгерлік күштерді жіберу туралы Сайрус Вэнстың бейбіт жоспарын қабылдады. 1995 ж. қаңтар айында Книнге Хорватиямен қарым-қатынастарды саяси қалпына келтіру жөнінде жоспар ұсынылды. Осы «Загреб-4» жоспарына сәйкес, Книн облысы автономия алуы, Батыс және Шығыс Славонияның Хорватияға интеграциясы қарастырылды, бірақ бұл жоспар, бірінші кезекте, Хорватияны қанағаттандырмады. Ол армияны күшейтумен, Краин реинтеграциясын әскери жолмен шешуге дайындық жұмыстарын жүргізіп, 1995 ж. іске асырды. Хорватия соғысының барысында мыңдаған адамдар қаза тапты. Ресми емес деректер бойынша, соғыс шығыны 30 мың қаза болған адамды, әрі жарты миллион босқындарды құрады [4, 28-71].

Бұрынғы Югославия территориясында орын алған қырғын соғыстардың бірі Босния мен Герцеговинада өтті. Жалпы Босния мен Герцеговина Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының орталық әрі аралас халқы тұратын республикасы болып есептелінді, тіптен серб халқының саны Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін мемлекеттің тұрақты көп бөлігін құрады. Көпұлтты Босния мен Герцеговина Югославияның ең толерантты республикасы деп есептелді. Сондықтан мемлекеттің территориясында этносаралық қақтығыстардың орын алуы күмәнді мәселе еді, дегенмен кейінгі оқиғалар қайғылы түрде дамыды.

Босния мен Герцеговина премьер-министрі Юре Пеливан 1991 ж. қыркүйек айында Хорватияда қалыптасқан қарулы қақтығыстардың Боснияға өтуіне қаупі бар екендігі, үкіметте, Скупщинада, министрліктерде ұлттық белгі бойынша бөлініс сезілетіндігі жөнінде хабарлады. Ал 12 қазан күні Босния мен Герцеговинаның Скупщина жиналысында, қызу түрде республиканың тәуелсіздік жолымен баруы немесе Югославия құрамында қалуы туралы мәселе талқыланды. Нәтижесінде 1992 ж. 1 наурыз күні Босния мен Герцеговина өз тәуелсіздігін жариялады, 7 сәуірде мемлекетті АҚШ, Еуропалық одақ, Хорватия мемлекеттері мойындады. Мемлекеттің ресми түрде танылуы туралы

Карл Бильдт: «Мемлекеттегі шиеленіс тез арада өсті, Боснияның жедел танылуы бағытында қысым көбейді және мемлекеттің мойындалуы көптеп қауіптенген жанжалдың барлық Боснияға таралуын камтамасыз етті», - деп еске түсірді.

Босния мен Герцеговина Сыртқы істер министрі Харис Силайджич БҰҰ трибунасынан Сербияны Боснияда қалыптасқан жағдайларға басшылық етуі жөнінде айыптады. 23 сәуір күні Германия мен Нидерланд Сыртқы істер министрлері Геншер мен Ван ден Брук Қауіпсіздік кеңес отырысын шақыртуға, әрі Босния мен Герцеговинадағы жағдай үшін Сербияның жауапкершілігі мәселесін қарастыруды талап етті. Хельсинкиде өткен Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы кеңесінің отырысы Югославияға ультиматум қойды, ол бойынша 29 сәуірге дейін Югославия Босния мен Герцеговинадан барлық әскерлерді шығаруға міндетті болды. 15-күндік мерзімде өз әскерін шығаруға келіскен Югославия 18 мамыр күні эвакуация туралы келісімге қол қояды. Осы уақыттан бастап, республикада әскери қақтығыстар кеңейтілді. Кейбір деректерге сәйкес, Босния мен Герцеговинадағы соғыстың алғашқы екі аптасында 200 адам қаза болды, 1600 жараланды және де 1100 хабар-ошарсыз жоғалып кетті.

Босния мен Герцеговинаның хорваттары «хорват» территорияларын қоршауға кірісті. Хорват қорғаныс вече күштері босниялық армия күштеріне Вэнс - Оуэн жоспары бойынша берілген аймақтарда басшылығына бағынуы жөнінде талабын қояды. Осылайша хорваттар мен мұсылмандар арасында соғыс басталады. 1993 ж. 28 тамызда босниялық хорваттар парламенті Герцег-Босния хорват достастығын Герцег - Босния Хорват республикасы атымен қайта құру туралы шешім қабылдайды. Бұл мемлекетте шекаралар, қаржы (бюджет), өзіндік ақша бірлігі болмай, тек үкімет қызмет атқарды. Бірақ әскери тұрғыдан Босния мен Герцеговина үшін ерекше мәселе Сараево қаласына қатысты болды. 1993 ж. 9 шілдеде БҰҰ босқындар мәселесі бойынша комиссары Садак Агата ескертуіне сәйкес, Сараевода 300 мыңнан астам адам өмір мен өлім аралығында тұрды және оларға өлім тек бомбалаудан ғана емес, аштық пен аурудан төнді.

1992-1994 жж. аралығында анағұрлым әскери табыстарға қарамастан, серб армиясы көбінесе территориялық принцип бойынша құрылған және өз ауылдарынан алыс емес жерде соғысқан ерікті жасақтарға ұқсас болды. 1993 ж. әскери әрекеттердің сипаты өзгеріске ұшырап, мұсылмандар сербтерден территориялардың бір бөлігін қайтарып алуға тырысты.

1994 ж. наурыз айының басында Вашингтон және Вена қ. бір-бірімен кескілескен түрде соғысып жатқан жақтардың бір мемлекетке біріктірілу шарттары жайында келіссөздер жүргізілді. Федерация құру себебі Батыстың Босния мен Герцеговинадағы соғысты өз бақылауына алу, мұсылмандар мен хорваттарды сербтерге қарсы күресте біріктіріп, үш майданның орнына екеуін құру талпыныстарымен түсіндірілді. 1994 жылы 18 наурыз күні Вашингтон қ., Б. Клинтон қатысуымен Босния мен Герцеговина территориясында мұсылман - хорват федерациясын құру жөніндегі келісімшартқа қол қойылу бойынша салтанатты рәсім өткізілді. Жаңа мемлекеттік құрылымның ресми атауы – Босния мен Герцеговина Федерациясы болды. Ал 1995 ж. шілде айында Сипитте серб агрессиясынан қорғану мақсатында әскери хорват - мұсылман келісімшартына қол қойылды. 1995 ж. тамыз - қыркүйек айларында НАТО серб әскери объектілерін, байланыс орталықтарын, ЭШҚ (әуе шабуылына қарсы қорғаныс) жүйелерін жою бойынша қайырымсыздығы теңдесі жоқ операцияны жүргізді. Босния мен Герцеговинадағы соғыс үлкен дәрежедегі шығындар мен азаматтық халық арасында құрбандарға алып келді. Соғыс жылдарында 200 мың адам қаза тапты, олардың 90% - ы бейбіт тұрғындар [4, 93 – 150].

1995 ж. 21 қараша күні Дейтон қ. (АҚШ) босниялық дағдарысты реттеу жөнінде үшжақты келіссөздер жүргізілді. Келіссөздерге Югославия одақтас республикасының президенті, сонымен қатар Босниядағы өзін-өзі жариялаған Серб Республикасының үкіметі атынан Слободан Милошевич, Хорватия Республикасының Президенті Франьо Туджман, Босния мен Герцеговина Республикасының Президенті Алия Изетбегович қатысты. Осы келіссөздер нәтижесінде Босния мен Герцеговина өзінің соғысқа дейінгі шекараларындағы біртұтас мемлекет ретінде қалдырылды, Мұсылман – Хорват федерациясына жердің 51% - ы, Серб Босниялық республикасына – 49% тиесілі болды [5, 13].

1974 ж. автономды аймақ дәрежесіне ие болған, Косово аймағында Иосип Броз Тито билігі кезеңінде ұлтаралық бірлік пен тұрақтылық орнатылды, албан халқының саны серб тұрғындарының санынан бірнеше есе өсті (бір сербке тоғыз албан тұрғыны сәйкес келді). Алайда кейіннен Югославия Одақтас Республикасының президенті С. Милошевич бастаған «барлық сербтерді бір мемлекетке біріктіру» саясаты барлық аймақтарға, соның ішінде Косоводағы этникааралық қарым-қатынастарға да жағымсыз ықпал етті. Осылайша, Косово халқының құрамындағы демографиялық теңсіздіктің және экономикалық қиындықтардың орын алуы албандықтар мен сербтердің арасындағы қарым-

катынастардың шиеленісуіне жетеледі. 1999 ж. 23 наурызда АҚШ-тың арнайы өкілі Р. Холбрук Югославия Үкіметіне Рамбуйедағы Уақытша келісімді ультиматум ретінде ұсынды: егер Югославия келісімге қол қоймаған жағдайда, НАТО ұйымы бомбалауды бастайтыны мәлімденді. Дегенмен С. Милошевич үкіметі келіспеушілік танытады және де 1999 ж. 24 наурызда НАТО күштері Югославия Одақтас Республикасын (құрамында Косово бар, Сербия және Черногория) бомбалауды бастады. Соғыстың 78 күні ішінде 1700-ден астам бейбіт халық қаза тапты, шамамен 10 000 адам жараланды. Соғыс барысында Косоводан 780 200 босқындар тіркелді. Нәтижесінде 1999 ж. 3 маусымда НАТО мен Югославия арасында бітім шартқа қол қойылды. Ал 20 маусымда НАТО ұйымы ресми түрде әскери операцияның аяқталуын мәлімдеді [5, 53-63].

Ұзақ жылдар бойы жалғасқан этникааралық қақтығыстар, сонымен қатар серб халқы мен албан халқы тарапынан жүзеге асырылған «этникалық тазартулар» өз шешімін Югославия Үкіметінің араласуымен таба алмағандықтан, халықаралық қауымдастықтың көмегін қажет еткен өзекті мәселелердің бірі болғаны айқын. Сол себепті кейіннен әскери жолмен шешімін тапқан Косово дағдарысының салдарлары ұзақ жылдарға созылды. Келіссөздердің бастапқы кезеңінен бастап, қақтығыстардың бейбіт шешілуіне кедергі болған Югославия президенті С. Милошевич тек 2001 ж. қамауға алынып, кейіннен Бұрынғы Югославиядағы әскери қылмыстар бойынша Халықаралық трибуналға беріледі. Алайда 5 жыл бойы жүргізілген сот ісінің тоқтатылуы бұрынғы президенттің Гаага түрмесінде қаза болуымен байланысты еді. Косовода 2004 ж. 23 қазанда уақытша әкімшілігінің бақылауымен парламентке сайлау өткізілді. Ал 2008 ж. 17 ақпанда Косово Парламенті Косовоның тәуелсіздігін біржақты тәртіпте жариялап, нәтижесінде 2010 ж. БҰҰ Халықаралық сотының шешіміне сәйкес, Косовоның Сербиядан тәуелсіздігін жариялауы заңды болып танылды [6].

Сонымен Югославия мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде пайда болған қарулы қақтығыстар мен азаматтық соғыстар, бір жағынан, көптеген жылдар бойы жинақталған халықтар арасындағы келіспеушіліктер мен тәуелсіздікке деген ұмтылыстарымен түсіндірілсе, екінші жағынан, мемлекеттер басшылығында тұрған саяси жетекшілер тобының шешімдерімен айқындалды. Әсіресе, 1990 жж. I – ж. өткен Словениядағы «Кіші соғысты», Хорватиядағы сербтер мен хорваттар арасындағы кескілескен соғысты, ерекше түрде Босния мен Герцеговинадағы бірнеше сипатқа (ұлтаралық, дінаралық және билік үшін) ие болған қарулы соғысты және де Косово дағдарысын атап өтуге болады. Соғыстардың шешілу барысы да шетел елдердің араласуынсыз жүргізілуге қабілетсіздігі, қақтығыстардың нәтижесінде мыңдаған құрбандар мен босқындардың пайда болуы, бұрынғы югославиялық мемлекеттердің саяси ымыраға келуге дайынсыз екендігін бейнеледі. Сондықтан Югославия саяси дағдарысының негізінде этникааралық қақтығыстардың рөлін әрі шешілу үрдісін айқындау арқылы қазіргі кездегі көпұлтты елдерде ұқсас дағдарысты болдырмау мәселесімен тығыз байланысты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Югославия в XX веке: Очерки политической истории / Ответственный редактор Никифоров К.В./ М.: Индрик, 2011. – 888 с.
2. Барышев А.П. Разрушение Югославии и Организация Объединенных Наций. М.: Общество дружбы и развития сотрудничества с зарубежными странами, 2007. – 135 с.
3. Гуськова Е.Ю. История Югославского кризиса (1990-2000). М.: Русское право/Русский Национальный Фонд, 2001. – 720 с.
4. Гуськова Е.Ю. Вооруженные конфликты на территории бывшей Югославии (Хроника событий). М.: ИНИОН, 1998. – 155 с.
5. Турсунов С.Т. Южные Балканы. События и уроки 90-х годов XX века. Учебное пособие. Астана.: Күлтегін, 2004. – 144 с.
6. https://ru.wikipedia.org/wiki/Милошевич,_Слободан, Провозглашение_независимости_Косова [14.02.2016]